**Алтыншы сұрақ бойынша тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы ӘБ жетекшілері Тогтарбай О., Депутат Н., Дубайхан Б. тыңдалды.** ӘБ жетекшілері күн тәртібіндегі 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы» мәселесі бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілерінің баяндамалары тыңдалды. Олар өз пән бірлестіктері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелерін саралап, оқушылардың оқу жетістіктері мен білім сапасына талдау жүргізді. Баяндамада пәндер бойынша оқушылардың орташа балл көрсеткіштері, оқу үлгерімі мен сапа пайызы атап өтілді. Сонымен қатар, жиынтық бағалау нәтижесінде төмен нәтиже көрсеткен оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бағытында жүргізілетін жұмыстарға тоқталды. ӘБ жетекшілері жиынтық бағалауда жиі кездесетін қателерді талдап, мұғалімдердің кері байланыс ұйымдастыруы мен сараланған тапсырмалар ұсыну қажеттігін атап өтті. Оқу жетістіктерін арттыру мақсатында қосымша сабақтар ұйымдастыру, жеке жұмыс жоспарын құру және оқушылардың оқу мотивациясын көтеру ұсынылды.

**Қаулы етті:**

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындылары назарға алынсын.

2. Оқу жетістіктері бойынша талдау нәтижесінде білім сапасының көрсеткіштері мен төмен нәтиже көрсеткен сыныптар мен пәндер анықталып, тиісті шаралар қабылдансын.

3. ӘБ жетекшілері Тоқтарбай О., Депутат Н., Дубайхан Б. – пән мұғалімдеріне жиынтық бағалау нәтижелеріне талдау жасап, білім олқылықтарын жою бойынша нақты жұмыстар жүргізуді тапсырсын.

**Шешім қабылданды:**

I жартыжылдықтағы әдістемелік қызметтің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне II жартыжылдықта жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды ескеру тапсырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған іс-шаралар жалғастырылсын.
Аудандық олимпиадалардың қорытындысы
1. Аудандық олимпиада қорытындылары назарға алынсын.
2. Жүлделі орын алған білім алушылар мен жетекші мұғалімдердің жұмысы оң бағалансын.
3. Олимпиадаға дайындық жұмысын жүйелеу және қабілетті оқушылармен жұмысты күшейту ұсынылсын.
Жас мұғалімдердің тәлімгерлерінің есебі

1. Жас мұғалімдерге тәлімгерлік қолдау көрсету жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәлімгерлерге әдістемелік көмекті жүйелі түрде жалғастыру тапсырылсын.
3. Жас мұғалімдердің кәсіби бейімделуіне жағдай жасау ұсынылсын.
4.Тарих пәнінде цифрлық құралдарды пайдалана отырып білім алушыларды зерттеулерге ынталандыру
1. Ұсынылған тәжірибе жұмысқа енгізу үшін ұсынылсын.
2. Тарих пәні мұғалімдеріне цифрлық білім беру ресурстарын сабақта тиімді қолдану ұсынылсын.
5. 1. «Дидактикалық ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту» тақырыбы бойынша ұсынылған баяндама мен тәжірибе материалдары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында оқу-тәрбие үдерісінде дидактикалық ойындарды жүйелі және мақсатты түрде қолдану жалғастырылсын.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдістемелік бірлестік жетекшісіне жүктелсін.
6.Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.

Мектеп директоры: Исатаева Б.Г.
ӘК төрағасы: Байтасова Ш.Ш.
Хатшы: Аманкелд К.

**«Еркіншілік ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ**
**№4 әдістемелік кеңес отырысы**

27.03.2026
Қатысқандар: 63

1. Байтасова Ш.Ш.
2. Салкынбаева А.А.
3. Мырзахан К.
4. Аманкельд К.
5. Абдрахманова Г.Р
6. Көкен М.
7. Аманбек Г.
8. Умирзакова С.С
9. Анес Хуандаг
10. Ардай Хуантхан
11. Балтабеков С.К.
12. Хуаныш Г.
13. Съезхан Ж.
14. Байкол К.
15. Жантуарова А.Т
16. Бейбітхан А.
17. Бейбітхан Еркін
18. Бибакирова Г.К.
19. Бугай Гулзада
20. Гайнутдинова И.М.
21. Депутат Н.
22. Гылымхан Е.
23. Доненбаева С.А.
24. Шаймурат П.
25. Мулгисин Д.
26. Жампеисова А.М.
27. Жунусова Ж.С.
28. Жунусова Н.С.
29. Зархам Е.
30. Зархам Т.
31. Исабекова А.У.
32. Исатаев Б.Т.
33. Каримжан Х.
34. Арыстан А.
35. Корпеш Ж.
36. Кызырова С.К.
37. Лажай Айнур
38. Мадениет Е.
39. Макашева А.А.
40. Маутай Б.
41. Мекей З.
42. Молхы А.
43. Мурат Т.
44. Хуанар М.
45. Мухамед О.
46. Умарова Г.Е.
47. Нурмухамедова Ж.Б.
48. Рахым А.
49. Санах Ю.
50. Саяси А.
51. Серикпай М.
52. Смаилова Ж.Т.
53. Слипец Т.И.
54. Султанова Р.К.
55. Тогтарбай О.
56. Тиянах Х.
57. Туленова З.К.
58. Туленова С.С.
59. Мухамет Е.
60. Бахытжан А.
61. Махсат Ж.
62. Салтанат Б.

**Күн тәртібі:**

1. Әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Пәндік апталықтардың қорытындысы
3. ББЖМ , қорытынды аттестаттау, ҰБТ-ға дайындық туралы.
4. Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту.
5. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы

**Бірінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш.** №3 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат **тыңдалды.**

1.Мектептің әдістемелік қызметінің I жартыжылдықтағы жұмысын талдау бойынша:
Әдістемелік бірлестіктер тарапынан пәндер бойынша білім сапасы сараланып, мұғалімдердің кәсіби дамуы мен сабақ беру сапасына талдау жүргізілді. Проблемалық аймақтар анықталып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.
2.Мектепішілік және аудандық олимпиадалардың қорытындысы бойынша:
Олимпиада нәтижелері талданып, жүлделі орын алған оқушылар мен жетекші мұғалімдердің жұмыстары атап өтілді. Дарынды оқушылармен жұмыс жалғасуда.
3.Жас мұғалімдердің тәлімгерлерінің есебі бойынша:
Жас мамандармен жұмыс жоспарлы түрде жүргізілді. Тәлімгерлер тарапынан әдістемелік көмек көрсетіліп, сабақтарға қатысу, кері байланыс беру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылды. Жас мұғалімдердің кәсіби бейімделуі бақылауда.
4. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы бойынша:
[illegible] сараланып, білім сапасының көрсеткіштері [illegible] бойынша түзету

Жас мамандармен жұмыс жоспарлы түрде жүргізілді. Тәлімгерлер тарапынан әдістемелік көмек көрсетіліп, сабақтарға қатысу, кері байланыс беру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылды. Жас мұғалімдердің кәсіби бейімделуі бақылауда.

**Қаулы етті:**

Әдістемелік кеңес шешімдері жалпы орындалуда. Алдағы уақытта білім сапасын арттыру, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және оқушылардың оқу жетістіктерін көтеру бағытындағы жұмыстар жалғастырылады.

**Екінші сұрақ бойынша**: Пәндік апталықтардың қорытындысы Дубайхан Б. Депутат Н. **тындалды.** «Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша 10.11.2025 – 21.11.2025 аралығында «Тіл мен әдебиет тәрбиесінің қос қанаты» атты апталығы өтті.

Апталықтың мақсаты: қазақ тілі мен әдебиетінің мол мұрасымен кеңінен таныстыру, тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосу.

10.11.2025 күні апталықтың ашылуы өтті. Ашылу салтанатында мектебіміздің бір бөлігін безендіріп, қазақ әдебиетіндегі белгілі ақын-жазушылар мен ақындарды, шығармаларды көрме ретінде қойып, ашылу кезінде оқушыларға викториналық сұрақтар қойып, қызығушылықтарын ояту үшін қызықты тапсырмалар берілді.

Оқушылады ынталандыру үшін бауырсақтар мен тәттілер беріп апталықтың бірінші күнін өткіздік. Сонымен қатар «Ұлттық тағам – ұлт мақтанышы» атты ұлттық тағам шеруі болды.

Мақсаты: Қазақтың ұлттық тағамдарын таныстыру арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау.

11.11.2025 күні үлкен үзілісте оқушылар арасында «Көңілді қоңырау» мақалды жалғастыр ойыны өтті. Ойын барысында оқушылар шарларды жару арқылы мақал – мәтелдерді айтты.

Мақсаты: Мақал-мәтел арқылы оқушылардың тіл байлығын арттыру, логикалық ойлауын дамыту. Өткізген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Салкынбаева А.А.

12.11.2025 күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Серікбай Мырзат 8 «А» сыныпсынып оқушыларымен әріптестерімен тәжірибе алмасу мақсатында «Жаңа мамандық түрлері» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақта оқушылар мәтіндегі негізгі ойды және қосымша ойды, мәтіннің идеясын анықтауға арналған тапсырмаларды орындады. Барлық тапсырмалардың дескрипторлары нақты әрі анық беріліп, бағалау критериилері де түсінікті болды.

13.11.2025 күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мырзахан Қайратгүл 7 «Б» сыныбымен «Сүйемін туған тілді – анам тілін» тақырыбында қазақ тілінен ашық сабақ өткізді.

Сабақта бағалаудың қалыптастырушы бағалау және өзін- өзі бағалау, бірін – бірі бағалау түрлері жүргізілді. Тілдесім алаңшасына негізделген тапсырма арқылы әр жеке тұлға бүгінгі сабақты терең түсінгендіктерін көрсете білді.

19.11.2025 күні 5 «Ә» сыныбында Дубайхан Бақыт мұғалім «Жан-жануарлар туралы ертегілер» тақырыбында қазақ тілінен ашық сабақ өткізді.

Сабақ барысында оқушылар әр түрлі антоним, омоним, синонимдерге қатысты тапсырмалар орындап, жан – жануарлар тақырыбында рольдік ойындар көрсетті. Барлық оқушылар сабақта еркін сөйлеп белсенділік танытты. Сөздердің байланысу тәсілдерін, сөздердің байланысу түрлерін барлық оқушылардың жақсы меңгергендігі тапсырмаларды орындау барысында көрініп тұрды.

20.11.2025 күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жампеисова А.М 5 «В» сынып оқушыларымен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Сусыз өмір жоқ» тақырыбында ашық сабақ өткізді .

Сабақ барысында түрлі көрнекіліктермен тапсырмалар орындады. Мұғалім оқушыларға судың маңызы туралы түсіндіріп, ерекше тәсілдермен оқушыларды ынталандыра білді. Сабақ өз мақсатына жетті.

20.11.2025 күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Саяси Алтынгүл 5 «А» сыныпбында «Ы.Алтынсарин – жомарттық, қайырымдылықтың үлгісі» тақырыбында әдебиет сабағынан ашық сабақ берді.

Сабақ барысында оқушыларға адам бойындағы қайырымдылық пен жомарттық қасиеттерін дәріптеу барысында түрлі тапсырмалар берілді. Оқушылар тапсырмалар орындап, өз ойларын еркін түрде ортаға салды.

21.11.2025 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кендебай М 6 «А» сыныбымен « Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің идеясы тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ барысында Абайдың өмірі, әдеби мұрасы, өлеңдерінің тәрбиелік мәні мен терең мағынасы талқыланды. Оқушылар берілген тапсырмаларға белсенді қатысып, сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын еркін жеткізді. Сабақта білімге деген ынта, шығармашылық қабілет және ойлау, шешім қабылдау дағдылары дамыды.

21.11.2025 күні «Тіл мен әдебиет тәрбиесінің қос қанаты» атты апталыққа қорытынды жасалды. Жоспарға сәйкес барлық мұғалімдер жоспарланған іс-шараларын ойдағыдай ұйымдастырып өткізді. Барлық сынып оқушылары атсалысып қатысты. Өткізілген іс-шараларда орынға ие болған оқушылар марапатталды.

2026 жылдың 06–17 сәуір аралығында ағылшын тілі пәні бойынша «English Week» атты апталық өткізілді. Апталықтың мақсаты – оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру, тілдік дағдыларын дамыту және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Апталық 06.04.2026 күні салтанатты түрде ашылды. Іс-шараға 5–11 сынып оқушылары қатысты. Ашылу барысында апталықтың жоспары таныстырылып, оқушыларға түрлі тапсырмалар мен сайыстар ұсынылды.

07.04.2026 күні «Guess the word» көңілді қоңырауы өткізілді. Оқушылар сөздерді табу арқылы өздерінің сөздік қорларын кеңейтіп, белсенділік танытты.

08.04.2026 күні «Grammar Day» атты іс-шара ұйымдастырылды. Бұл күні оқушылар грамматикалық тапсырмалар орындап, ағылшын тілінің ережелерін қайталады.

09.04.2026 күні «Speaking Day» өткізілді. Оқушылар ағылшын тілінде сөйлесу дағдыларын көрсетіп, түрлі тақырыптарда пікір алмасты.

13.04.2026 күні 5 «Ә» сыныбында «My country. Sports» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында оқушылар өз елінің спорт түрлері туралы ағылшын тілінде мәлімет берді.

15.04.2026 күні 9 «Ә» сыныбында «An email about a visit» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Оқушылар хат жазу үлгілерімен танысып, ағылшын тілінде электронды хат құрастыруды үйренді.

16.04.2026 күні 8 «А» сыныбында «My Country: Food and drink» және 3 «Ә» сыныбында «My house flat» тақырыптарында ашық сабақтар өтті. Сабақтарда оқушылар тағамдар, сусындар және үй бөлмелері туралы ағылшын тілінде әңгімеледі.

17.04.2026 күні 6 «А» сыныбында «My country. A city park» тақырыбында ашық сабақ ұйымдастырылды. Оқушылар қала саябағы туралы сипаттап айтып, тапсырмаларды белсенді орындады.

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша 09.02.26-20.02.26 аралығында «Ғасырдың ғажап үш тірегі» атты математика, физика, информатика пәндерінің онкүндігі өтті.

**Апталықтың мақсаты:** Оқушылардың математика, физика және информатика пәндеріне деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету.

- 09.02.2026 күні апталықтың ашылуы өтті. Апталықты ЖИ арқылы видео жасалды. Мектептің бір бөлігі безендірілді. Көңілді қоңырау жасалып, оқушыларға сұрақ – жауап айдары өтті.

**Қаулы етті:**

Өткізілген пәндік апталықтардың жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
Пән мұғалімдерінің апталық барысында ұйымдастырған ашық сабақтары, сыныптан тыс іс-шаралары мен байқауларының тәжірибесі таратылсын.
Пәндік апталықтар барысында белсенділік танытқан мұғалімдер мен оқушылар марапаттауға ұсынылсын.

Әдістемелік бірлестік жетекшілері пәндік апталықтарды өткізуде анықталған кемшіліктер бойынша талдау жасап, алдағы уақытта сапалы ұйымдастыру жұмыстарын күшейтсін.
Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында заманауи әдіс-тәсілдер мен цифрлық ресурстарды қолдану жалғастырылсын.

Келесі оқу жылында пәндік апталықтардың мазмұнын жаңартып, жоспарлы түрде жоғары деңгейде өткізу қамтамасыз етілсін.

**Үшінші сұрақ бойынша** ББЖМ , қорытынды аттестаттау, ҰБТ-ға дайындық туралы
**Байтасова Ш.Ш., Зархам Е., Хуаныш Г., Туленова С.С. тыңдалды :** ББЖМ (Білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу) – білім сапасын анықтауға бағытталған ұлттық зерттеу.
ББЖМ-ке 4 және 9-сынып оқушылары қатысады. Тапсыратын бағыттар: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану сауаттылығы (4-сынып) / таңдау пәні (9-сынып).

Өткен оқу жылдың сәуір айында мектебіміз ББЖМ-ке қатысып, төмендегідей нәтижелер көрсетті.

9-сынып ББЖМ тапсырмаларын орындау пайызы

**Средний процент выполненных заданий**

| По всем направлениям | Читательская грамотность | | | Математическая грамотность | | | Естественнонаучная грамотность | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Физика | | | Химия | | | Биология | | | География | | | Итого | | |
| | Общий | Каз. | Рус. | Общий | Каз. | Рус. | Общий | Каз. | Рус. | Общий | Каз. | Рус. | Общий | Каз. | Рус. | Общий | Каз. | Рус. | Общий | Каз. | |
| 58,2 % | 42,8% | 41,6 % | 63,3% | 80,0 % | 80,5% | 75,0% | 67,3% | 68,8% | 50,0 % | 44,7% | 43,1 % | 75,0% | 71,4 % | 70,8 % | 85,7 % | 38,6 % | 42,9 % | 21,4 % | 55,5 % | 56,4 % | 57, |

4-сынып ББЖМ тапсырмаларын орындау пайызы

**Средний процент выполненных заданий**

| По всем направлениям | Читательская грамотность | | | Математическая грамотность | | | Естественнонаучная грамотность | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Общий | Каз. | Рус. | Общий | Каз. | Рус. | Общий | Каз. | Рус. |
| 77,5% | 72,7% | 73,1% | 70,0% | 81,3% | 80,5% | 92,5% | 75,0% | 60,0% | 90,0% |

Биылғы оқу жылында да мектебіміз сәуір айында ББЖМ (МОДО) тапсыратын мектептер тізіміне енді.

Осыған байланысты оқушыларды дайындау жұмыстарын жандандырып, жүйелі түрде күшейту қажет.

4 және 9-сынып оқушыларын МОДО-ға дайындау бойынша арнайы жұмыс кестесі әзірленеді.

Сабақ барысында мұғалімдер оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды жүйелі түрде қолдануы тиіс.

Оқушылармен төмендегі жұмыстар жүргізілуі қажет:

-диагностикалық тестілеу өткізу;

-МОДО форматына сәйкес жаттығу тестілерін ұйымдастыру;

-пәндер бойынша қосымша сабақтар өткізу;

-мәтінмен жұмыс арқылы оқу сауаттылығын дамыту;

-практикалық бағыттағы математикалық және жаратылыстану тапсырмаларын орындау;

-білім беру платформалары мен цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану.

**Қорытынды аттестаттауға дайындық / Подготовка к итоговой аттестации**

9 және 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау жұмыстарына ерекше көңіл бөлу қажет. Пән мұғалімдері оқушыларды қорытынды аттестаттау талаптарына сай жан-жақты дайындауы қажет.

Қорытынды аттестаттаудың мерзімдері:

9 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;

11 -сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2026 жылғы 2-15 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мерзімдері :

**9 -сынып оқушылары үшін:**

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 29 мамыр;

2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі, информатика) – 2026 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2026 жылғы 8 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 11 маусым.

**11 -сынып оқушылары үшін:**

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан– 2026 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі, информатика) – 2026 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым.

**ҰБТ-ға дайындық / Подготовка к ЕНТ**

ҰБТ нәтижелері – бұл тек қана қорытынды емтихан емес, сонымен қатар мектептегі оқу-тәрбие жұмысының, мұғалімдердің кәсіби еңбегінің және оқушылардың білім деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Сондықтан әрбір пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің бұл бағыттағы жұмысы ерекше маңызға ие. Оқушыларды жүйелі, сапалы дайындау – біздің ортақ міндетіміз.

**Қаулы етті:**

1. ББЖМ, қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ға дайындық жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2.Пән мұғалімдері тарапынан білім алушылармен қосымша сабақтар, кеңестер және жеке жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
3.Бітіруші сынып оқушыларының білім сапасын арттыру мақсатында сынама тестілеулер тұрақты ұйымдастырылсын.
4.Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, емтихан мен ҰБТ ережелері таныстырылсын.
Психологиялық қолдау жұмыстарын күшейту педагог-психологке тапсырылсын.
Дайындық жұмыстарының орындалуын бақылау мектеп әкімшілігіне жүктелсін.

**Төртінші сұрақ бойынша** Дидактикалық ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту. (Көкен М., Жантуарова А.Т., Туленова З.К.) мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері **тыңдалды .**

«Ойын — балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады» Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – баланың танымдық белсенділігін, ойлау қабілетін, шығармашылығын дамыту. 5 жастағы бала үшін қоршаған ортаны танудың ең тиімді жолы – ойын әрекеті.
Ойын – баланың негізгі іс-әрекеті. Ол арқылы бала өмірді таниды, қарым-қатынас жасайды, жаңа білімді жеңіл әрі қызықты түрде меңгереді. Сондықтан тәрбиеші ойын технологияларын тиімді қолдану арқылы баланың танымдық қызығушылығын арттыра алады.
Ойын әрекеті – балалардың танымдық қызығушылығын арттырудың ең тиімді құралы. Ойын арқылы бала өздігінен білім алады, ойлайды, зерттейді және қоршаған ортаға бейімделеді.
Тәрбиешінің шығармашылықпен ұйымдастырылған ойыны баланың оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастырады және мектепке дайындығын арттырады.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Дидактикалық ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту» тақырыбы бойынша берілген ақпарат назарға алынсын.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында оқу-тәрбие үдерісінде дидактикалық ойындарды жүйелі түрде қолдану ұсынылсын.
3. Тәрбиешілерге ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық ойын түрлерін іріктеп, тиімді пайдалану

4. Осы қаулының орындалуын бақылау әдістемелік бірлестік жетекшісіне жүктелсін.

**Бесінші сұрақ бойынша тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы ӘБ жетекшілері Тогтарбай О., Депутат Н., Дубайхан Б. тыңдалды.** ӘБ жетекшілері күн тәртібіндегі 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы» мәселесі бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілерінің баяндамалары тыңдалды. Олар өз пән бірлестіктері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелерін саралап, оқушылардың оқу жетістіктері мен білім сапасына талдау жүргізді. Баяндамада пәндер бойынша оқушылардың орташа балл көрсеткіштері, оқу үлгерімі мен сапа пайызы атап өтілді. Сонымен қатар, жиынтық бағалау нәтижесінде төмен нәтиже көрсеткен оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бағытында жүргізілетін жұмыстарға тоқталды. ӘБ жетекшілері жиынтық бағалауда жиі кездесетін қателерді талдап, мұғалімдердің кері байланыс ұйымдастыруы мен сараланған тапсырмалар ұсыну қажеттігін атап өтті. Оқу жетістіктерін арттыру мақсатында қосымша сабақтар ұйымдастыру, жеке жұмыс жоспарын құру және оқушылардың оқу мотивациясын көтеру ұсынылды.

**Қаулы етті:**

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындылары назарға алынсын.

2. Оқу жетістіктері бойынша талдау нәтижесінде білім сапасының көрсеткіштері мен төмен нәтиже көрсеткен сыныптар мен пәндер анықталып, тиісті шаралар қабылдансын.

3. ӘБ жетекшілері Тоқтарбай О., Депутат Н., Дубайхан Б. – пән мұғалімдеріне жиынтық бағалау нәтижелеріне талдау жасап, білім олқылықтарын жою бойынша нақты жұмыстар жүргізуді тапсырсын.

**Қорытындылау**

1. Пәндік онкүндіктердің қорытындысы бойынша:

Пәндік онкүндіктердің өткізілуі қанағаттанарлық деп танылсын. Мұғалімдер пәндік онкүндіктер барысында қолданылған тиімді әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесінде жалғастырып қолдансын.

Алдағы уақытта пәндік онкүндіктердің сапасын арттыру, оқушылардың белсенділігін күшейту және іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру тапсырылсын.

2. ҰБТ, қорытынды аттестаттау және ББЖМ-ға дайындық бойынша:

Оқушыларды ҰБТ, қорытынды аттестаттау және ББЖМ-ға дайындау жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

4, 9, 11-сынып оқушыларына арналған дайындық жоспары бекітілсін және оның орындалуы бақылауға алынсын.

Пән мұғалімдері тарапынан қосымша сабақтар, диагностикалық және сынақ тестілеулер тұрақты жүргізілсін.

Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында цифрлық білім беру ресурстары тиімді пайдаланылсын.

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту бойынша:

Мектепалды даярлық топтарында дидактикалық ойындарды жүйелі түрде қолдану ұсынылсын. Тәрбиешілер ойын технологиялары арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру жұмыстарын жалғастырсын.

**Шешім қабылданды:**

1. **Пәндік апталықтардың қорытындысы**:
   - Пәндік апталықтар барысында өткізілген іс-шаралар мен сабақтардың нәтижелері талданды.
   - Оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы және пәнге деген ынтасы артқаны байқалды.
2. **ББЖМ, қорытынды аттестаттау, ҰБТ-ға дайындық туралы**:
   - Білім берудің жаңартылған мазмұны (ББЖМ) бойынша оқу бағдарламаларының орындалу барысы қадағаланып, мұғалімдерге әдістемелік нұсқаулықтар берілді.
   - Қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға дайындық бойынша оқушыларға қосымша сабақтар ұйымдастырылды.
3. **Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту**:
   - Дидактикалық ойындардың балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы рөлі ерекше. Ойындар арқылы балалардың логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттері мен әлеуметтік дағдылары дамиды.
   - Ойын түрлері: рөлдік ойындар, білім беру ойындары, интерактивті тапсырмалар.
4. **Тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы**:
   - Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша оқушылардың оқу жетістіктері талданды.
   - Бағалау критерийлері мен әдістемелері бойынша мұғалімдер арасында пікірталас жүргізілді.

Мектеп директоры: _____ Исатаева Б.Г.
ӘК төрағасы: _____ Байтасова Ш.Ш.
Хатшы: _____ Аманкелд К.

**«Еркіншілік ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ**

№5 әдістемелік кеңес отырысы

27.05.2026

**Қатысқандар: 61**

1. Байтасова Ш.Ш.
2. Салкынбаева А.А.
3. Мырзахан К.
4. Аманкельд К.
5. Абдрахманова Г.Р
6. Көкен М.
7. Аманбек Г.
8. Умирзакова С.С
9. Анес Хуандаг
10. Ардай Хуантхан
11. Балтабеков С.К.
12. Хуаныш Г.
13. Съезхан Ж.
14. Байкол К.
15. Жантуарова А.Т
16. Бейбітхан А.
17. Бейбітхан Еркін
18. Бибакирова Г.К.
19. Бугай Гулзада
20. Гайнутдинова И.М.
21. Депутат Н.
22. Гылымхан Е.
23. Доненбаева С.А.
24. Шаймурат П.
25. Мулгисин Д.
26. Жампеисова А.М.
27. Жунусова Ж.С.
28. Жунусова Н.С.
29. Зархам Е.
30. Зархам Т.
31. Исабекова А.У.
32. Исатаев Б.Т.
33. Каримжан Х.
34. Арыстан А.
35. Корпеш Ж.
36. Кызырова С.К.
37. Лажай Айнур
38. Мадениет Е.
39. Макашева А.А.
40. Маутай Б.
41. Мекей З.
42. Молхы А.
43. Мурат Т.
44. Хуанар М.
45. Мухамед О.
46. Умарова Г.Е.
47. Нурмухамедова Ж.Б.
48. Рахым А.
49. Санах Ю.
50. Саяси А.
51. Серикпай М.
52. Смаилова Ж.Т.
53. Слипец Т.И.
54. Салтанат Б.
55. Тогтарбай О.
56. Тиянах Х.
57. Туленова З.К.
58. Туленова С.С.
59. Мухамет Е.
60. Бахытжан А.
61. Махсат Ж.

**Күн тәртібі:**

1. Әдістемелік жұмыстар бойынша 2025-2026 оқу жылына қорытынды талдау.Келесі оқу жылына белгіленген міндеттер. Курстардан өту қорытындысы.
2. Дарынды балалармен жұмыстың салыстырмалы талдауы; Бірлестік жетекшілері
3. 2025-2026 оқу жылына аттестатталатын педагог қызметкерлердің өтінішін қарап, қабылдау және бекіту.

**Бірінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш.** Әдістемелік жұмыстар бойынша 2025-2026 оқу жылына қорытынды талдау.Келесі оқу жылына белгіленген міндеттер. Курстардан өту қорытындысы. Әдістемелік кеңес төрағасы 2025–2026 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстардың қорытындысына талдау жасады. Жылдық жоспарға сәйкес пән бірлестіктерінің жұмыстары жүйелі ұйымдастырылып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған семинарлар, коучингтер, ашық сабақтар және тәжірибе алмасу алаңдары өткізілді. Оқу жылы барысында педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өту жоспары орындалды. Мұғалімдер «Өрлеу» БАҰО, Педагогикалық шеберлік орталығы және басқа білім беру ұйымдары ұйымдастырған курстарға қатысып, сертификаттар алды. Курстан өткен педагогтер мектепішілік тәжірибе тарату жұмыстарын жүргізді.

2026–2027 оқу жылына төмендегідей міндеттер белгіленді:

білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру;
педагогтердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру;
цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану;
жас мамандармен жұмысты күшейту;
пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысушылар санын арттыру;
педагогтердің біліктілік санаттарын көтеруге жүйелі қолдау көрсету.

**Екінші сұрақ бойынша: Бірлестік жетекшілері Дубайхан Б., Депутат Н., Тогтарбай О. сөз берілді:** Дарынды балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша есеп берді. Оқушылардың аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауларына, түрлі зияткерлік және шығармашылық конкурстарға қатысу көрсеткіштері талданды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда жүлделі орындар санының артқаны, кейбір пәндер бойынша нәтижелердің жақсарғаны атап өтілді. Сонымен қатар дарынды оқушыларды ерте анықтау, олармен жеке жұмыс жоспарын құру және ғылыми-зерттеу қызметіне тарту бағытындағы жұмыстарды жандандыру қажеттігі айтылды.

Жыл басында оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау мақсатында сауалнамалар, бақылау жұмыстары және пән мұғалімдерінің ұсыныстары негізінде дарынды оқушылар тізімі жасалды. Дарынды балалармен жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылып, олардың пәндік білімдерін тереңдетуге ерекше көңіл бөлінді.Оқу жылы барысында оқушылар аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларға, түрлі шығармашылық және зияткерлік конкурстарға қатысты. Сонымен қатар оқушылардың жетістіктері мектепішілік іс-шараларда насихатталып отырды.Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылар түрлі байқаулар мен олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болып, өздерінің білім деңгейлерін көрсетті.

Алдағы оқу жылында дарынды балалармен жұмысты жетілдіру, олардың ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын арттыру және республикалық деңгейдегі байқауларға қатысуын көбейту жоспарлануда.

Дарынды және қабілетті оқушылармен жүргізілген жұмыс жоспарына сәйкес оқу жылы бойы пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, шығармашылық және зияткерлік байқауларға қатысу ұйымдастырылды. Салыстырмалы талдау

| | 2024–2025 оқу жылы | 2025–2026 оқу жылы | Көрсеткіш |
|---|---|---|---|
| Дарынды оқушылар саны | 12 | 15 | +3 |
| Пәндік олимпиадаға қатысқан оқушылар | 8 | 10 | +2 |
| Олимпиада жүлдегерлері | 8 | 10 | +2 |
| Байқауларға қатысқан оқушылар | 13 | 17 | 4 |
| Аудандық деңгейдегі жүлделер | 15 | 17 | 2 |
| Облыстық деңгейдегі жүлделер | 2 | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Республикалық деңгейдегі жүлделер | 0 | 1 | 1 |

Салыстырмалы талдау нәтижесі бойынша дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстың тиімділігі артқаны байқалады. 2025–2026 оқу жылында пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысушылар саны көбейіп, жүлделі орындар саны артқан. Оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған жұмыстар оң нәтиже берді.

Сонымен қатар, оқушылардың аудандық және облыстық деңгейдегі байқауларға қатысу белсенділігі жоғарылап, білім сапасын арттыруға ықпал етті. Дарынды деңгейдегі жүлделер оқушыларды анықтау, олармен жеке жұмыс жүргізу және қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Қорытынды

Дарынды балалармен жұмыстың нәтижелері өткен оқу жылымен салыстырғанда оң динамика көрсетіп отыр. Алдағы оқу жылында:

олимпиада резервін қалыптастыру;

ғылыми жобаларға қатысушылар санын көбейту;

оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту;

облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларға қатысуын арттыру бағытында жұмыстар жалғастырылады.

Қорытынды: дарынды балалармен жүргізілген жұмыс тиімді ұйымдастырылып, оқушылардың білім жетістіктері мен шығармашылық белсенділігінің артуына ықпал етті.

**Үшінші сұрақ бойынша директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Байтасова Ш.Ш.тыңдалды:** 2025-2026 оқу жылына аттестатталатын педагог қызметкерлердің өтінішін қарап, қабылдау және бекіту Әдістемелік кеңес мүшелері 2026–2027 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлердің өтініштерін қарады. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің педагогтерді аттестаттау қағидаларына сәйкес зерделеніп, аттестаттауға қатысуға өтініш білдірген педагогтердің құжаттары қабылданды.

**Қаулы етті:**

1. 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту қорытындылары назарға алынсын.
3. 2026–2027 оқу жылына белгіленген міндеттер жұмыс жоспарына енгізіліп, орындалуы бақылауға алынсын.
4. Дарынды балалармен жұмысты жетілдіру бойынша пән бірлестіктеріне нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу тапсырылсын.
5. Аттестаттаудан өтетін педагог қызметкерлердің өтініштері қабылданып, бекітілсін.
6. Аттестатталатын педагогтерге қажетті әдістемелік қолдау көрсетілсін.

**Шешім қабылданды:**

1. Әдістемелік кеңес 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысын, педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту нәтижелерін талқылай отырып, төмендегідей шешім қабылдады:

2.2025–2026 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстардың қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

3.Пән бірлестіктерінің жұмысын жетілдіру және білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

4.Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақытылы өтуі қамтамасыз етіліп, курс материалдарын тәжірибеде қолдану бойынша мектепішілік тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.

2026–2027 оқу жылында:

- оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар күшейтілсін; педагогтердің зерттеушілік мәдениетін дамытуға жағдай жасалсын;
- цифрлық білім беру ресурстары мен инновациялық технологияларды сабақ барысында тиімді пайдалану қамтамасыз етілсін;
- жас мамандарға тәлімгерлік қолдау көрсету жұмыстары жандандырылсын;
- пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысатын оқушылардың саны мен нәтижелілігін арттыру бойынша нақты жұмыстар жүргізілсін;
- педагогтердің біліктілік санаттарын көтеруге әдістемелік қолдау көрсетілсін.

Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын аталған міндеттер негізінде қайта қарастырып, бекітуге ұсыну тапсырылсын. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдістемелік кеңес төрағасына жүктелсін.

Мектеп директоры: _____ Исатаева Б.Г.
ӘК төрағасы: _____ Байтасова Ш.Ш.
Хатшы: _____ Аманкелд К.